

24 қазан күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) "Сапалы сабақ-нәтижелі білім кепілі тақырыбында "Әдістемелік лайфках" кеңесу-әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфкахтармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг -сессияны орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Едресова Маруся және ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұрзина Бисембаева өткізді.

Тренинг - сессия барысында ЖИ құралдарының сабақ барысында тиімді қолдану жолдары айтылып, іс-тәжірибеде қолдану тәсілдерімен бөлісті.

Әдістемелік нұсқау хатта берілген педагогтердің цифрлық көмекшілерінің мүмкіндіктерімен таныстырып, қатысушы мұғалімдер ЖИ көмегімен ойындар, тесттер құрастырды

Educarplay.com

Негізгі мүмкіндіктері

Пайдаланушыларға аудио, видео, мәтіндік тапсырмалармен, кроссвордтар, сөзжұмбақтар, сәйкестендіру ойындары секілді интерактивті оқу-жаттығулар жасауға мүмкіндік береді.

Жаттықтырушы/оқытушы өз контентін жүктеп, сол арқылы ойын түріндегі жаттығулар жасап, оқушылардың қызығушылығын арттыра алады.

Құрал әртүрлі құрылғыларда (компьютер, планшет, смартфон) жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

MagicSchool.ai — мұғалімдер мен білім беру ұйымдары үшін жасалған жасанды интеллект (ЖИ) платформасы. Ол сабақ жоспарлау, бағалау, оқушылармен байланыс жасау сияқты әкімшілік және педагогикалық тапсырмаларды автоматтандыруға бағытталған.

60-тан астам дайын құрал: сабақ жоспары генераторы, бағалау жазу, IEP (арнайы білім қажет ететін оқушыларға жеке білім беру жоспары) құру, мәтіннің оқу деңгейін өзгерту, бағалау критерийлерін жасау т. б. мүмкіндіктері бар.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DQMpuE5jF4s/?igsh=MXZtNWhyY214ZjVsNg==>